

ҚАУЛЫ

шағымды қанағаттандырудан бас тарту туралы

Төле би ауылы

29.07.2022 жыл

Шу ауданаралық прокурорының міндетін атқарушы Ә.Е.Тойбеков, қорғаушы Г.Саржановтың күдікті Ә. [REDACTED] мүддесі үшін ҚПК 105-бабының талаптарына сәйкес жазған шағымын №223166031000176 қылмыстық іс-құжаттарын зерделеумен қарап,

АНЫҚТАҒАНЫ:

19.07.2022 жылы ауданаралық прокуратурасына қорғаушы Г.Саржановтың күдікті Ә.Шаймерденоваға қатысты тергеуші Ғ.Қиқымбаевтың қылмыстық істі тоқтату туралы өтінісхатын қанағаттандырудан бас тарту туралы қабылдаған шешімін заңсыз деп танып, өтінісхатты қанағаттандыру туралы шағымы түскен.

Анықталғаны, 01.05.2022 жылы Ә. [REDACTED] алаяқтық дерегі Шу аудандық ПБ-мен СДТБТ-не ҚК-нің 190-бабының 4-бөлігі 2-тармағы, 190-бабы 3-бөлігі 1,4-тармақтарымен тіркеліп, сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталған.

24.05.2022 жылы аталған қылмыстық құқық бұзушылыққа күдіктелген Ә.Шаймерденова ҚПК-нің 128-131 баптарының талаптарына сәйкес ұсталған.

26.05.2022 жылы Ә. [REDACTED] әрекеті ҚК-нің 190-бабының 4-бөлігі 2-тармағы, 190-бабы 3-бөлігі 1,4-тармағымен сараланып, сол күні Шу аудандық сотының тергеу судясымен оған қатысты күзетпен ұстау бұлтартпау шарасы қолданылған.

Аталған істі зерделеу көрсеткендей, тергеу органымен күдіктінің әрекеті ҚК-нің 190-бабы 4-бөлігі 2-тармағы, 190-бабы 3-бөлігі 1,4-тармағымен дұрыс сараланған және оның қылмысқа қатыстылығы іс-құжаттармен толық расталады.

Атап айтқанда, күдікті Ә. [REDACTED] қылмыстық іс-әрекеті жәбірленуші [REDACTED]

[REDACTED] [REDACTED] [REDACTED] [REDACTED]

[REDACTED] [REDACTED] [REDACTED] [REDACTED]

[REDACTED] [REDACTED] [REDACTED] [REDACTED]

[REDACTED] арыздарымен, жауап алу хаттамаларымен,

куәлерден жауап алу хаттамаларымен, күдікті Ә. [REDACTED] мен жәбірленушілердің арасында жүргізілген беттестіру хаттамаларымен, іске тіркелген ақша айналымдары туралы мәліметтермен және басқа да қылмыстық іс-құжаттарымен толық дәлелденген.

Тергеу әрекеттері қылмыстық-процестік кодексінің талаптарына сәйкес жүргізілген және оларды жүргізу барысында заң бұзушылыққа жол берілмеген.

Осыған орай, Ә. [REDACTED] қатысты қылмыстық істі ҚПК-нің 35-бабы 1-бөлігі 2-тармағына сәйкес тоқтатуға, және тергеуші Ғ.Қиқымбаевтың 11.07.2022 жылғы шағымды қанағаттандырудан бас тарту туралы қаулысын бұзуға негіз жоқ.

Сондықтан, қорғаушы Г.Саржановтың шағымы қанағаттандырусыз қалдырылуға жатады.

Жоғарыдағылардың негізінде және ҚПК-тің 105,193-баптарын басшылыққа ала отырып,

ҚАУЛЫ ЕТТІМ:

Қорғаушы Г.Саржановтың шағымын қанағаттандырусыз қалдыруды.

Қабылданған шешіммен келіспеген жағдайда ҚПК-тің 105-бабына сәйкес жоғары тұрған прокурорға немесе ҚПК-тің 106-бабына сәйкес сотқа шағымдану құқығын түсіндіруді.

Қаулыны №223166031000176 қылмыстық іске тіркеуге.

Қабылданған шешім туралы мүдделі жақтарға хабарлауды.

**Шу ауданаралық прокурорының
міндетін атқарушы**

Ә.Тойбеков